

## **Целиноград ауданының Родина ауылдық округінің Родина ауылындағы жаңа көшеге Жастар атауын беру туралы**

Ақмола облысы Целиноград ауданы Родина ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қыркүйекте № 29944 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 23 маусымдағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Целиноград ауданының Родина ауылдық округінің Родина ауылындағы жаңа көшеге Жастар атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Т. Мукушев*